

«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ
Директорлар кеңесінің хаттамасымен
«Бекітілген»
2026 жылғы 01 маусымдағы No 19/26 хаттама

**Су көлігі иелерінің
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ҚАҒИДАЛАРЫ
«BaseL» сақтандыру компаниясы АҚ**

Алматы қ., 2026 ж.

МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер
2. Сақтандыру нысаны
3. Сақтандыру жағдайлары
4. Сақтандыру жағдайларынан тыс жайттар және сақтандыру шектеулері.
Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері
5. Сақтандыру сомаларын белгілеу тәртібі. Франшиза
6. Сақтандыру сыйлықақыларын белгілеу тәртібі
7. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
8. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны
9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
10. Сақтандыру жағдайы туындаған кездегі әрекеттер
11. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттар
12. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары
13. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарауы
14. Қосарлы сақтандыру
15. Суброгация
16. Сақтандыру шартының өзгертулері мен толықтырулары
17. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары
18. Тараптардың жауапкершілігі
19. Қосымшаның дауларын шешу тәртібі
20. Қосымша талаптар

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы «Basel» сақтандыру компаниясы АҚ су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру қағидалары (бұдан әрі мәтін бойынша Сақтандыру қағидалары) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-ІІ Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүзеге асырудың экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.
- 1.2. Су көлігін пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген үшінші тұлғалардың мүлдіктік мүдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін төлеу арқылы қамтамасыз ету сақтандырудың мақсаты болып саналады.
- 1.3. Су көлігін меншік құқығында, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында, сондай-ақ жалдау, лизинг, жалға алу және т.б. сияқты басқа да мүлдіктік құқықтарда пайдаланатын заңды және жеке тұлғалар сақтанушылар бола алады;
- 1.4. Егер Сақтандыру шарты заңды тұлғамен жасалған болса, онда сақтандыру арқылы қорғаудың қолданысы Сақтанушыға және Сақтанушының жұмыскерлеріне қолданылады. Сақтанушы - заңды тұлға Сақтандыру шартында өздеріне қатысты Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғау қолданылатын басқа заңды және жеке тұлғаларды көрсетуге құқылы.
- 1.5. Егер Сақтандыру шарты жеке тұлғамен жасалған болса, онда Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсеткен тұлғалардың, сондай-ақ Сақтанушының өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылады.
- 1.6. Осы Сақтандыру қағидалары Сақтандырушы мен Сақтанушының арасында осы Сақтандыру қағидаларының негізінде жасалған Су көлігі иесінің азаматтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
- 1.7. Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы келісім бойынша осы Сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелері мен талаптары өзгертілуі, толықтырылуы, нақтылануы немесе Сақтандыру қағидалары Сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін осы Сақтандыру қағидаларында айқындалған сақтандыру өтемінің көлемін кеңейте алатын басқа да ережелермен және талаптармен ауыстырылуы мүмкін.
- 1.8. Осы Сақтандыру қағидаларында келесі ұғымдар қолданылады:
 - 1) **Сақтандырушы** – «Basel» сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар заңды тұлға.
 - 2) **Сақтанушы** – Сақтандыру шартын жасасқан тұлға.
 - 3) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болатын тұлға.
 - 4) **Сақтандырылған тұлға** – оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.
 - 5) **Сақтандыру қағидалары** – сақтандыру талаптарын, Сақтандыру шартын жасасу, сүйемелдеу және орындау тәртібін және олардың негізінде Сақтандыру шарты жасалатын сақтандыру субъектілерінің өзара іс-әрекетін қамтитын осы құжат.
 - 6) **Сақтандыру шарты** – Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім, оның негізінде Сақтандырушы Сақтандыру шартында көзделген төлем (сақтандыру сыйлықақысы) үшін Сақтандыру шартында көзделген оқиға (сақтандыру жағдайы) басталған кезде Сақтанушыға сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған қаржылық шығындарды Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы шегінде өтеуге (сақтандыру төлемін жүзеге асыруға) міндеттенеді.
 - 7) **Су көлігі иесі** – су көлігіне меншік құқығында, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында, сондай-ақ жалдау, лизинг, жалға алу және т.б. сияқты басқа да мүлдіктік құқықтарда ие болатын заңды және/немесе жеке тұлға;
 - 8) **Су көлігі иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі** – су кемесі иесінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес немесе сот шешімі бойынша су кемесін пайдалану салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндеті;

- 9) **Диспаша** – жалпы апат бойынша залалдар мен шығындарды есептеу және оларды жалпы теңіз кәсіпорнына қатысушы тараптар арасында бөлу, диспашер жасайтын жалпы апаттан туындаған шығындарды кеме, жүк және фрахт арасында бөлу жөніндегі есеп.
- 10) **Диспашер** – жалпы апаттың бар-жоғын белгілейтін және осы апатқа байланысты шығындарды бөлу бойынша есепті (диспашаны) құрайтын лауазымды тұлға.
- 11) **Су көлігі** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында немесе тіркелетін мемлекеттің заңнамасына сәйкес басқа мемлекеттің аумағында тіркелген және су жолдарында кеме қатынасы мен кеме қатынасына байланысты өзге де қызметті жүзеге асыратын көлік түрі;
- 12) **Су жолдары** – кеме қатынасы мақсатында пайдалануға болатын табиғи немесе қолдан жасалған қатынас жолдары;
- 13) **Кеме қатынасы** – шағын көлемді кемелерді пайдалана отырып атқарылатын қызметті қоспағанда, жүктерді, жолаушылар мен олардың багажын, почта жөнелтілімдерін тасымалдау, сүйретіп жүзу, пайдалы қазбаларды іздеуді, барлауды және өндіруді, балық аулауды және өзге де кәсіпшіліктерді, құрылыс, жол, гидротехникалық, суасты-техникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстарды, лоцмандық алып өтуді, құтқару операцияларын жүргізу, су нысандарын қорғау, оларды ластану мен қоқыстанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, суға батқан мүлікті көтеру, мемлекеттік бақылау мен қадағалау, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін кемелерді пайдалануға байланысты қызмет;
- 14) **Айлақ** – кемелердің қауіпсіз кіруіне арналған құрылғылары бар және кемелердің қауіпсіз тоқтап тұруына, оларға жүк тиеуге, жүк түсіруге және қызмет көрсетуге, сондай-ақ жолаушыларды кемеге отырғызуға және кемеден түсіруге арналған гидротехникалық құрылыс;
- 15) **Порт** – жолаушылар мен кемелерге қызмет көрсету, жүктерді тиеу, түсіру, қабылдау, сақтау және беру, көліктің басқа да түрлерімен өзара іс-қимыл жасасу мақсатында жайластырылған және жабдықталған жер учаскесінде және ішкі су жолдары акваториясында орналасқан құрылыстар кешені;
- 16) **Үшінші тұлғалар (жәбірленуші)** – су көлігін пайдалану кезінде, жолаушыларды, багажды, жүктерді және поштаны суда тасымалдауды жүзеге асыру кезінде өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтірілген тұлға. Сақтанушымен азаматтық-құқықтық қатынастардың сипатына қарай жолаушылар, жүк иелері немесе өзге де тұлғалар үшінші тұлғалар (жәбірленушілер) болуы мүмкін. Үшінші (жәбірленуші) тұлғаларға Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) өзі, оның жұмыскерлері, экипаж мүшелері, сондай-ақ Сақтанушының атынан әрекет ететін жеке немесе заңды тұлғалар жатпайды.
- 17) **Экипаж мүшесі** – су көлігінде қызмет ететін және штат кестесіне сай лауазымды атқаратын және кәсіптік дипломы, кәсіптік дипломдардың растамасы, теңіз көлігі мамандарын даярлау куәлігі, медициналық қорытындылары бар тұлға.
- 18) **Жолаушы** – тасымалдаушымен жасалған шартқа сәйкес, ал аралас тасымалдар кезінде жасалған аралас тасымалдар шартына сәйкес көлікті пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға.
- 19) **Жүк** – кеме иесіне тиесілі немесе ол жалға алған контейнерлер мен басқа жабдықтарды, сондай-ақ тірі жануарларды қоспағанда, кеме иесі оларға қатысты жазбаша дәлелдемелермен расталған тасымалдау шартын жасасатын тауарларды буып-түю немесе сақтау үшін пайдаланылатын заттарды қоса алғанда, кез келген заттар мен тауарлар.
- 20) **Сақтандыру тәуекелі** – туындаған жағдайда жауапкершілікті сақтандыру жүргізілетін болжамды оқиға. Сақтандыру тәуекелі ретінде қарастырылатын оқиға оның пайда болу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілеріне ие болуы керек.
- 21) **Сақтандыру жағдайы** – Сақтандыру шартында көзделген және Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде орын алған оқиға, оның басталуымен Сақтандырушының Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайды.
- 22) **Залал** – құқығы бұзылған тұлға шеккен немесе шегуі керек шығындар, оның мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі (нақты залал), сондай-ақ оның құқығы бұзылмағанда, бұл тұлға әдеттегі айналым жағдайында алатын алынбаған кірістер (жоғалған пайда) түсініледі.

- 23) **Сақтандыру өтемі** – жасалған Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының міндеттемелерінің көлемі.
- 24) **Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым** – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің негізінде міндетті және ерікті сақтандыру түрлері бойынша дерекқорды қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын, мемлекет қатысатын коммерциялық емес ұйым.

2. САҚТАНДЫРУ НЫСАНЫ

- 2.1. Су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру нысаны Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген су көлігін пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты Сақтанушының мүлдітік мүддесі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

- 3.1. Сақтандыру шартында көрсетілген су көлігін сақтандырылған тұлғаның пайдалануы нәтижесінде жәбірленуші деп танылған үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.
- 3.2. Сақтандырушы Сақтанушының төмендегінің нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеу жауапкершілігін өзіне алады:
- 1) Сақтандыру шартында көрсетілген су көлігінің басқа су көліктерімен соқтығысуы. Сақтанушының мыналарға байланысты шығындары өтеледі:
 - басқа су көлігінің (су көліктерінің) зақымдануы, кедергіні, су көлігінің сынықтарын және/немесе жәбірленушінің батып кеткен мүлкін алып тастау немесе жою;
 - кемелерден және олардағы мүлктен басқа қандай да бір мүлдіктің бүлінуі;
 - жәбірленушілердің өміріне және/немесе денсаулығына зиян келтіру.
 - 2) Сақтанушы өзінің су көлігінің төмендегілерді қоса алғанда, қандай да бір қалқымалы, қозғалмайтын немесе су көлігі болып табылмайтын өзге де нысанды (осы нысанды пайдалану құқықтарының бұзылуын қоса алғанда) зақымдауы салдарынан үшінші тұлғаларға өтеуге міндетті залалдар өтелуі тиіс:
 - кеме қатынасы және энергетикалық гидрокұрылыстар, көпірлер, кемелерді арқандап байлауға және жүктерді өңдеуге арналған құрылыстар мен жабдықтар, навигациялық жабдық;
 - суасты кабельдері, коммуникация жүйелері және олардың жабдықтары;
 - суасты құбырының көлік жүйелері және олардың жабдықтары;
 - суасты және суүсті навигациялық және арнайы жүйелері;
 - мұнай мен газды барлауға және өндіруге арналған теңіз немесе өзен құрылыстары, сондай-ақ осы қызметті қамтамасыз етуге арналған қоймалар мен басқа да құрылыстар, нүктелік (танкерлік) терминалдар мен олардың жабдықтары; - жағалаудағы құрылыстар және басқа мүлдік.
- 3.3. Сақтанушының үшінші тұлға алдындағы жауапкершілігі мына жағдайларда басталған болып саналады:
- 1) заңды күшіне енген, Сақтанушының үшінші тұлғаның денсаулығына, өміріне және/немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеуге міндеттейтін сот шешімі болған кезде.
 - 2) Сақтанушы Сақтандырушының алдын ала жазбаша келісімімен Сақтанушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтеуі тиіс зиянды өтеу туралы үшінші тұлғаның талаптарын мойындағанда.
- 3.4. Осы Сақтандыру қағидалары бойынша мыналар сақтандырылуы мүмкін:
- 3.4.1. Кеме иесінің, тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдау шарттарының, жүк тиеу-түсірумен, өңдеумен айналысатын тұлғаларды жұмысқа жалдау шарттарының талаптарынан туындайтын жауапкершілігі, жеке тұлғалардың өміріне, денсаулығына және жеке жүк (заттар) ретінде сақтандырылған су көлігінің бортындағы олардың мүлкіне зиян келтіргені үшін өзге де азаматтық жауапкершілігі сақтандырылуы тиіс.

3.4.2. Сақтандырушы мыналарды өтейді:

а) Сақтанушы жеке тұлғалардың өміріне, денсаулығына келтірілген зиянның өтемі ретінде төлеуі тиіс сомалар: жалақыдан (табыстан) айырылу, денсаулыққа зақым келтіруден туындаған қосымша шығындар (оның ішінде емделуге, қосымша тамақтануға, дәрі-дәрмек сатып алуға, бөгде адам жасайтын күтімге, шипажайлық-курорттық емделуге жұмсалған шығындар және жәбірленушіге көмек пен күтімнің бұл түрлері қажет екені және оларды тегін алмайтыны мойындалған кезде);

асыраушысының қайтыс болуы салдарынан залал шеккен тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу; жерлеу шығындарын өтеу. Бұл ретте жолаушы болып табылмайтын тұлғаларға қатысты міндеттемелер, егер олар сақтандырылған су көлігінің бортында немесе оған байланысты орын алған қателер немесе олқылықтар салдарынан не жүк жөнелтушіден немесе жүк тиеу портында алдыңғы тасымалдаушыдан жүкті қабылдаған сәттен бастап жүк алушыға немесе түсіру портындағы келесі тасымалдаушыға жүкті жеткізген сәтке дейін жүкті өңдеу кезінде туындаған жағдайда ғана өтелуі тиіс.

б) жолаушыларды межелі жерге жеткізу немесе жөнелту портына қайтару шығындарын, сондай-ақ жолаушыларды жағалауда күту бойынша ақылға қонымды және орынды жұмсалған шығындарды қоса алғанда, сақтандырылған су көлігіндегі апат немесе басқа да осындай оқиға салдарынан болған сақтандырылған су көлігі жолаушыларының шығындарының өтемі ретінде Сақтанушы төлеуі тиіс сомалар.

3.5. Сақтандырылған су көлігінің басқа кемелермен соқтығысуы үшін жауапкершілік.

3.5.1. Сақтандырушы мыналарды өтейді:

Сақтанушы сақтандырылған су көлігінің басқа кемелермен соқтығысуы нәтижесінде келтірілген зиян үшін төлеуге міндетті залал сомасы, мыналарға байланысты залал мен шығындардың келесі түрлерін қоспағанда:

- кеме, жүк немесе үшінші тұлғалардың басқа мүлкінің сынықтарын, қалдықтарын алып тастау немесе эвакуациялау;
- сақтандырылған су көлігі соқтығысқан су көлігінен басқа қандай да бір мүліктің зақымдануы;
- сақтандырылған су көлігінің бортында болған жүктің немесе мүліктің зақымдануы,
- жүк немесе мүлік иесіне келтірілген құтқару бойынша шығындар;
- сақтандырылған су көлігі соқтығысқан кемелерден басқа кез келген мүліктің немесе олардағы мүліктің ластануы.

3.5.2. Бір Сақтанушыға тиесілі сақтандырылған су көліктері бір-бірімен соқтығысқан жағдайда, ол Сақтандырушыдан өтемақы алуға құқылы болады және өз кезегінде Сақтандырушы су көліктері әртүрлі иелерге тиесілі болғандай құқықтарға ие болады.

3.5.3. Егер соқтығысу үшін кінәсі екі кемеге де жүктелсе және олардың кем дегенде біреуі заң бойынша өз жауапкершілігін шектей алса, онда Сақтандырушы сақтандыру шартында көрсетілген Сақтанушы басқа тарапқа нақты төлеуі тиіс соманың үлесін өтейді. Барлық қалған жағдайларда сақтандыру шартында көрсетілген Сақтанушы басқа су көлігінің иесіне соқтығысудағы кінәсінің дәрежесіне барабар өтеуі тиіс соманың үлесі ол басқа су көлігінің иесінен соңғысының кінәсінің дәрежесін ескере отырып ала алатын соманы есепке алмай өтеледі (өзара талаптардың сомаларын нақты жүзеге асырылған есепке алу назарға алынбайды).

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ЖАЙТТАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ.

4.1. Сақтандырушының жауапкершілігі келесі жағдайларда қолданылмайды:

- 1) егер Сақтанушы жеке тұлға болса, Сақтанушының отбасы мүшелеріне, экипаж мүшелеріне, жалдау шарттары бойынша жұмыс істейтін тұлғаларға залал келтіру жағдайлары;
- 2) экипаждың және/немесе жолаушылардың жеке мүлкі;
- 3) су көлігіндегі жүктің немесе басқа мүліктің зақымдануы және осы жүктің немесе мүліктің жүк иелері шеккен құтқару шығындары;
- 4) шығыс материалдары, арқандап байлау және аулау құралдары;
- 5) жүгіргіш такелаж, желкендер, тысқаптар, тенттер – сақтандырылған су көлігінің толық опат болуын қоспағанда;
- 6) сақтандырылған су көлігінде стационарлық орнатылғаннан басқа кез келген жабдық;
- 7) аккумуляторлық батареялар – сақтандырылған су көлігінің толық опат болуын қоспағанда;

- 8) егер сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, сақтандырылған су көлігінде штаттан тыс орнатылған және пайдаланылатын қосымша жабдық;
- 9) су көлігімен соқтығысатын су көлігі құралдарын немесе олардағы мүлікті қоспағанда, кез келген мүлікті ластау. Бұл ретте бір Сақтанушыға тиесілі су көлігі құралдары бір-бірімен соқтығысқан жағдайда, ол Сақтандырушыдан өтемақы алуға құқылы болады және өз кезегінде Сақтандырушы су көлігі құралдары әртүрлі иелерге тиесілі болғандай құқықтарға ие болады.

4.2. Мынаған байланысты шығындар өтелмейді:

- а) қолма-қол ақшаның, бағалы қағаздардың, банк құжаттарының, асыл және сирек кездесетін металдардың, тастар мен олардан жасалған бұйымдардың, өнер және антиквариат заттарының жоғалуы немесе бүлінуі;
- б) жолаушының өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне кешігуге немесе жолаушының шеккен басқа да жанама шығындарына байланысты, сондай-ақ әуе көлігін пайдалану салдарынан зиян келтіру, оған төмендегінің салдарынан міндеттемелер туындаған жағдайлар кірмейді: - ауырған немесе жарақат алған жолаушыларды әуе жолымен репатриациялау; - кеме апатқа ұшыраған жағдайда, жолаушыларды әуе жолымен репатриациялау; - сақтандырылған кемеден экскурсия жүргізу (осы тармақтың "в" тармақшасында көрсетілген жағдайдан басқа);
- в) егер жолаушы Сақтанушымен немесе өзге тұлғамен экскурсия уақытында жеке шарт жасаса немесе Сақтанушы экскурсияға байланысты қосалқы мердігерге немесе үшінші тарапқа регрессиялық талап қою құқығынан бас тартса, экскурсия кезінде жолаушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіру.

4.3. Жәбірленушілердің өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтіруге әкеп соққан мынадай оқиға сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

- 1) су көлігін заңға қайшы иемденген тұлға оны басқарған кезде;
- 2) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті зақым әсері;
- 3) әскери іс-қимылдардың, маневрлердің немесе өзге де әскери іс-шаралардың, азаматтық соғыстың, кез келген түрдегі халық толқуларының немесе ереуілдердің салдарынан; уәкілетті органдардың өкімі бойынша су көлігін тәркілеу, алып қою, реквизициялау, қамауға алу немесе жою салдары;
- 4) Егер оқиға сақтандыру шартының аумағынан тыс немесе сақтандыру шартының қолданылу кезеңінен тыс уақытта орын алған болса немесе форс-мажор жағдайларының салдары; 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес су көлігі иесінің келтірілген зиян үшін жауапкершілігін болдырмайтын жағдайлар болған кезде.

4.4. Сақтандыру жағдайы мына жағдайларда орын алса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды:

- 1) су көлігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынған немесе сақтандыру шартында көрсетілгеннен өзгеше мақсаттарда пайдаланылғанда;
- 2) егер бұл апаттық жағдайға немесе форс-мажор жағдайларына байланысты болмаса, су көлігі сақтандыру шартында көрсетілген географиялық шектерден тыс пайдаланылғанда;
- 3) су көлігі порттың шекарасында тіркеп сүйреуден басқа, көліктің кез келген түрімен тасымалданғанда;
- 4) су көлігі шамадан тыс жүктелгенде және/немесе жолаушылардың жалпы саны осы су көлігі үшін ең көп жолаушылар санынан асып кеткенде немесе тиеудің шекті нормалары немесе су көлігін орталықтандыру қағидалары бұзылғанда;
- 5) күрделі немесе апаттық жөндеуден кейін су көлігіне сынақ жүргізілгенде;
- 6) егер Сақтанушы осы Сақтандыру қағидаларында не Сақтандыру шартында белгіленген мерзімді бұза отырып, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша өтініш берген болса.

4.5. Сақтандыру өтемі мына жағдайларда төленбейді:

4.5.1. Егер Сақтанушының үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілігі мен міндеттемелері, залалдары мен шығындары мынадай факторлардың әсерінен орын алса (егер шартта өзгесі көзделмесе):

- 1) соғыс, әскери іс-қимылдар немесе іс-шаралар, азаматтық соғыс, төңкеріс, көтеріліс, бүлік немесе олар түрткі болған азаматтық тәртіпсіздіктер;
- 2) ереуілдер, локауттар және осыған ұқсас оқиғалар;
- 3) әскери іс-қимылдар, ереуілдер және т.б., сондай-ақ көрсетілген әрекеттерді жасауға әрекет ету нәтижесінде басып алу, қамауға алу немесе ұстау;

- 4) миналардың, торпедалардың, бомбалардың, зымырандардың, снарядтардың, жарылғыш заттың немесе соғыстың өзге де құралдарының әсері (тек қана мұндай қаруды тасымалдауға байланысты туындайтын міндеттемелерді немесе шығындарды қоспағанда);
 - 5) саяси себептер бойынша жасалған іріткілік актілер немесе террористік актілер;
 - 6) мемлекеттік және өзге де органдардың тәркілеуі, реквизициялауы немесе осыған ұқсас шаралары немесе жоғарыда көрсетілген әрекеттерді жасауға әрекет ету;
 - 7) қандай да бір ядролық отыннан немесе радиоактивті қалдықтардан немесе ядролық отынның жану салдарынан туындаған иондаушы радиация, радиоактивті ластану;
 - 8) қандай да бір ядролық қондырғының, реактордың немесе өзге де ядролық құрылғының немесе оның компоненттерінің уытты, жарылғыш немесе өзге де қауіпті немесе ластаушы қасиеттері; 9) ядролық немесе атом энергиясын пайдаланатын соғыс құралдары.
- 4.5.2. Су көлігі контрабандалық немесе өзге де заңсыз операцияларға қатысқанда, кеме блокаданы бұзғанда, оны заңсыз саудада пайдаланғанда немесе тасымалдау, жүзу немесе рейс қауіпті немесе тым қауіпті сипатта болса;
- 4.5.3. Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған қасақана әрекеттері немесе әрекетсіздігі кезінде;
- 4.5.4. Моральдық зиянды өтеуге байланысты талаптар болғанда;
- 4.5.5. Егер Сақтанушының келесі әрекеттері немесе әрекетсіздігі орын алса:
- 1) Тәуекел деңгейі туралы қате немесе жалған мәліметтерді хабарлау;
 - 2) Шарт жасасу сәтінде болған, сақтандыру жағдайына әкеп соғуы мүмкін оқиға туралы хабарламау;
 - 3) Тәуекел дәрежесінің өзгергені туралы хабарламау;
 - 4) Жауапкершілік пен залалдарды болдырмау және/немесе азайту шараларын қолданбау;
 - 5) Сақтандыру жағдайына әкеп соғуы мүмкін оқиға туралы белгіленген мерзімде хабарламау;
 - 6) Көрінеу жалған құжаттарды ұсыну не сақтандырушының жағдайды сақтандыру жағдайы деп тану немесе танымау туралы шешім қабылдауы үшін қажетті құжаттарды ұсынбау;
 - 7) Сақтандырушыға кінәлі тұлғаларға талап қою құқығын қамтамасыз етпеу;
 - 8) Сақтандырушымен алдын ала келіспей, сақтандыру шарты бойынша сақтанушының құқықтарын үшінші тұлғаларға табыстау немесе беру;
 - 9) Сақтанушының осы Сақтандыру қағидалары мен Сақтандыру шартының талаптарын өзге де бұзуы.
 - 10) Мұндай залал сомасы сақтанушының жүктің кем шығуы немесе бүлінгені үшін төлейтін талаптың бір бөлігі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, сақтанушыға қойылатын немесе оның өзі қоятын фрахттың немесе жалдау ақысының жоғалуына байланысты талаптар;
 - 11) Мұндай залал сомасы сақтанушының жүктің кем шығуы немесе бүлінгені үшін төлейтін талаптың бір бөлігі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, сақтанушыға қойылатын немесе оның өзі қоятын сақтандырылған су көлігінің демереджіне немесе кідірісіне байланысты талаптар;
 - 12) Құтқару немесе өзінің табиғаты бойынша құтқаруға ұқсас операциялар, сондай-ақ одан туындайтын шығындар (су көлігінің аталған операцияларды жасауы сақтандыру шартында көзделген жағдайларды қоспағанда);
 - 13) Бербоут-чартердің, тайм-чартердің немесе сақтандырылған су көлігіне қатысты жасалған мәні бойынша осыған ұқсас шарттың күшін жою;
 - 14) Кез келген тұлғаның қарыздары немесе төлем қабілетсіздігі.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

- 5.1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы туындаған кезде Сақтандырушының шектік жауапкершілік көлемі болатын ақша сомасы;
- 5.2. Сақтандыру сомасы Сақтанушының Сақтандырушымен жасалған келісімінде айқындалады.
- 5.3. Сақтандыру сомасы шегінде Сақтандыру шартында әрбір сақтандыру жағдайы, талаптары, тәуекелдері, жекелеген нысандары бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін шектейтін қосымша сақтандыру сомалары (жауапкершілік лимиттері) белгіленуі мүмкін. Жауапкершілік лимиттері әрбір сақтандыру тәуекелі, жағдайы бойынша және/немесе Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу мерзіміне белгіленуі мүмкін.

- 5.4. Франшиза – сақтандыру талаптарында көзделген Сақтандырушыны белгілі мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату. Сақтандыру шартында шартты немесе шартсыз франшиза белгіленуі мүмкін.
- 5.5. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ оның мөлшері бұл сомадан көп болса, ол залалды толық өтеуі тиіс. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайда белгіленген соманы шегере отырып өтеледі.
- 5.6. Қолданылатын франшизаның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартында белгіленеді.
- 5.7. Тараптардың келісімі бойынша франшиза мөлшері сақтандыру сомасының пайызымен немесе тұрақты ақшалай сомада белгіленеді.
- 5.8. Франшиза бір сақтандыру жағдайы үшін немесе әрбір сақтандырылған тәуекел үшін белгіленуі мүмкін. Егер бірнеше сақтандыру жағдайы немесе тәуекел орын алса, франшиза сомасы олардың әрқайсысы бойынша залал сомасын есептеу кезінде ескеріледі.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.
- 6.2. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру сомасына байланысты белгіленеді және Сақтандыру шартында көрсетіледі.
- 6.3. Тарифтік мөлшерлеме сақтандыру сомасынан пайыздық мәнде айқындалады және ол да Сақтандыру шартында бекітіледі.
- 6.4. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру сомасын тарифтік мөлшерлемеге көбейту арқылы есептеледі және ақшалай түрде анықталады.
- 6.5. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі Сақтандыру шартында айқындалады.
- 6.6. Егер сақтандыру сыйлықақысы немесе бірінші сақтандыру жарнасы мерзімінде төленбесе, онда Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысы төленбеген күннен бастап Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушының Сақтанушыға жазбаша хабарлауы талап етілмейді.
- 6.7. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сыйлықақысы (бірінші сақтандыру жарнасы) әлі төленбеген болса, Сақтандырушы:
 - Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатылады және көрсетілген кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапты болмайды
 - сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындаған кезде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сомасын есепке алуға құқылы.
- 6.8. Егер Сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын/бірінші сақтандыру жарнасын төлеу міндеті Тараптардың уәкілетті өкілдері Сақтандыру шартына қол қойған күннен бастап туындайды.
- 6.9. Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына ақша түскен күн сақтандыру сыйлықақысы төленген күн болып саналады.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын белгіленген мерзімде төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген сома шегінде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.
- 7.2. Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жазбаша нысанда жасалған Сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылады.
- 7.3. Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын белгіленген нысандағы жазбаша өтініші негізінде жасалады.
- 7.4. Сақтандыру шарты екі данада жасалады, олардың біреуі Сақтанушыға беріледі.
- 7.5. Егер бұл мән-жайлар Сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болмауы тиіс болса, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға белгілі, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал

шығындардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайларды хабарлауға міндетті.

- 7.6. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушының Сақтанушыдан талап етуге құқығы бар және Сақтанушы өзіне қатысты Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылатын су көлігіне меншік құқығын (пайдалану, иелену және (немесе) билік ету құқығын) растайтын құжаттарды, сондай-ақ оны сипаттайтын құжаттарды, сондай-ақ ішкі су көлігі саласындағы қауіпсіздікті, оның ішінде экологиялық және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігін растайтын құжаттарды қоса тіркеуге міндетті;
- 7.7. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы Сақтанушыдан су көлігін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуді талап етуге құқылы. Сақтандырушы сақтандырылған кемелерді тексеруді Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде кез келген басқа уақытта да жүргізе алады.
- 7.8. Сақтандырушы су көлігінің және (немесе) мүліктің болуын және жай-күйін, су көлігі және (немесе) мүлік туралы Сақтанушы хабарлаған ақпараттың дұрыстығын тексеруге, қажет болған жағдайда, оның нақты құнын және тәуекел дәрежесін анықтау үшін сараптама тағайындауға құқылы.
- 7.9. Сақтандырушы Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде телнұсқасын береді, содан кейін Сақтандыру шартының жоғалған көшірмесі жарамсыз деп саналады.
- 7.10. Сақтандыру шарты үшінші тұлғалардың пайдасына жасалады.
- 7.11. Сақтандырушы себептерін түсіндірместен Сақтанушымен Сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы.
- 7.12. Шарт жасасу сәтіне дейін мәлімделген немесе белгілі шығындар болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандырылғанға дейін орын алған шығындар бойынша жауапкершіліктен босатылады.
- 7.13. Тараптар шарт күшіне енгеннен кейін жеке уағдаласқан сақтандыру шартына енгізілетін кез келген өзгертулер немесе толықтырулар қосымша келісіммен рәсімделеді және Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде тараптар оған қол қояды.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 8.1. Егер Сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, Сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді. Бұл ретте Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына ақша түскен күн сақтандыру сыйлықақысы төленген күн болып саналады.
- 8.2. Егер Сақтандыру шартында өзгесі көрсетілмесе, Сақтандыру шарты 12 айға жасалады.
- 8.3. Егер Сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.
- 8.4. Егер Шартта өзгесі көзделмесе, Сақтандыру шарты Сақтандырушы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) төлеген кезде өзінің қолданысын тоқтатады.
- 8.5. Сақтандыру шартының барлық өзгертулері мен толықтырулары жазбаша рәсімделген және тараптардың уәкілетті өкілдері оларға қол қойған жағдайда заңды күшінде болады.
- 8.6. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты Сақтанушы бұл туралы Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін және сақтандыру сыйлықақысын төлегенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар еткен жағдайда келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушының міндеттері:

- 9.1.1. Сақтанушыны Сақтандыру қағидаларымен таныстыру;
- 9.1.2. Сақтандыру шартында, осы Сақтандыру қағидаларында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін төлеу;
- 9.1.3. Сақтанушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығындарын өтеу;

- 9.1.4. сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 9.1.5. Сақтандыру шартында, Сақтандыру қағидаларында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да міндеттер.
- 9.2. Сақтанушының міндеттері:**
- 9.2.1. сақтандыру сыйлықақысын уақытылы және толық мөлшерде төлеу;
- 9.2.2. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру мақсаттары үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлау;
- 9.2.3. Сақтандырушының өкіліне бүлінген мүлікті қарап тексеруге және зерттеуге, шығын мөлшерін, сақтандыру жағдайының басталу себептері мен өзге де мән-жайларын анықтауға жәрдемдесу;
- 9.2.4. егер Сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу ауытпалығын көтеру, соның ішінде сараптама өндірісінің ақысын төлеу, сарапшылардың оқиға орнына баруы, мамандарды тарту және олардан кеңес алу, қажетті құжаттарды жинау;
- 9.2.5. Сақтандыру шартын жасасқан кезде және оның қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға осы сақтандыру нысанына қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша қолданылатын/жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы хабарлау;
- 9.2.6. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға көшуін қамтамасыз ету;
- 9.2.7. Сақтандыру шартында, Сақтандыру қағидаларында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да міндеттер.
- 9.3. Сақтандырушының құқықтары:**
- 9.3.1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактісін, оның пайда болу мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап ету;
- 9.3.2. өзіне берілетін ақпарат пен құжаттарды тексеру;
- 9.3.3. сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтау, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретін негізге ала отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залал мөлшерін растайтын құжаттарды сұрату;
- 9.3.4. сақтандыру тәуекелінің артуына әкелетін мән-жайлар туралы хабарлама алған кезде Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің артуына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ету;
- 9.3.5. заңда белгіленген тәртіппен Сақтанушыға қойылатын талаптардың мөлшерін даулау;
- 9.3.6. Сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімдерде Сақтанушыға жазбаша хабарлама жібере отырып, құзыретті органдардың деректері мен құжаттары негізінде барлық мән-жайлар анықталғанға дейін сақтандыру төлемін төлеу туралы шешімді 3 (үш) айға кейінге қалдыру;
- 9.3.7. осы Сақтандыру қағидаларында, Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту не бұл туралы Сақтанушыны (Сақтандырылған тұлғаны, Пайда алушыны) жазбаша хабардар ете отырып, оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымау;
- 9.3.8. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- 9.3.9. осы Сақтандыру қағидаларында немесе Сақтандыру шартында немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасау.
- 9.4. Сақтанушының құқықтары:**
- 9.4.1. Сақтандыру шартын жасасқанға дейін Сақтандыру қағидаларымен танысу;
- 9.4.2. қосымша сақтандыру сыйлықақысын енгізген жағдайда, Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру құны ұлғайған жағдайда сақтандыру сомасын ұлғайту;
- 9.4.3. Сақтандырушыдан Сақтандыру шартының қолданылу талаптары мен тәртібін түсіндіруді талап ету;
- 9.4.4. Сақтандырушының сақтандыру талаптары мен шарттарын орындауын тексеру;
- 9.4.5. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- 9.4.6. осы Сақтандыру қағидаларында немесе Сақтандыру шартында немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасау.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР

- 10.1.** Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі міндеттері:
- 10.1.1. сақтандыру жағдайының себептерін, барысы мен салдарын анықтау үшін барлық қажетті шараларды қолдану;
 - 10.1.2. дереу, бірақ кез келген жағдайда оқиға орын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға болған жағдай туралы жазбаша нысанда хабарлау;
 - 10.1.3. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайына байланысты оған қойылатын барлық талаптар туралы дереу хабарлау;
 - 10.1.4. залалдың алдын алу немесе оны азайту және адамдардың өмірін сақтау бойынша барлық мүмкін және орынды шараларды қолдану;
 - 10.1.5. егер Сақтанушының талап арыз талаптарын қанағаттандырудан бас тартуға немесе талап қою мөлшерін азайтуға негіздері мен мүмкіндігі болса, Сақтандырушыға бұл туралы хабарлау және талап қоюды тоқтату немесе оның мөлшерін азайту бойынша барлық қолжетімді шараларды қолдану;
 - 10.1.6. Сақтанушыға қолжетімді болуына қарай Сақтандырушының бүлінген мүлікті тексеруге және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуге қатысуын қамтамасыз ету;
 - 10.1.7. сақтандыру жағдайлары бойынша залалды өтеу туралы негізделген талаптар қойылған жағдайда, Сақтандырушыға сотта және соттан тыс қорғауда барлық мүмкін болатын жәрдем көрсету;
 - 10.1.8. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, туындау барысы және салдары, келтірілген залалдың сипаттамасы мен мөлшері туралы пайымдауға мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпарат пен құжаттаманы беру;
 - 10.1.9. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушының да, Сақтанушының да мүдделерін қорғау үшін өз өкілін тағайындауды қажет деп санаса – Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат немесе осындай мүдделерді қорғау үшін өзге де қажетті құжаттарды беру. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтанушының мүдделерін сотта білдіруге немесе өзге түрде Сақтанушыны құқықтық қорғауды жүзеге асыруға құқылы, бірақ міндетті емес;
 - 10.1.10. жәбірленуші болып табылмайтын үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалдардың қандай да бір өтемін (өтемақысын) алғаны туралы Сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлау;
 - 10.1.11. сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу ауытпалығын көтеру, соның ішінде сараптама өндірісінің ақысын төлеу, сарапшылардың оқиға орнына баруы, мамандарды тарту және олардан кеңес алу, қажетті құжаттарды жинау.
- 10.2.** Пайда алушы Сақтанушының немесе Сақтандырылған тұлғаның мұны жасағанына не жасамағанына қарамастан, барлық жағдайда сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлауға құқылы.
- 10.3.** Егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақытылы білгені дәлелденбесе немесе Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмаса, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау оған сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту құқығын береді.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

- 11.1.** Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауы үшін Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу себептерін анықтау және сақтандыру төлемінің сомасын айқындау үшін қажетті жазбаша өтініш пен құжаттарды беруге міндетті:
- 1) сақтандыру төлемі туралы өтініш;
 - 2) Сақтандыру шартының көшірмесі;
 - 3) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Сақтанушыға үшінші тұлғалардың немесе олардың құқық мирасқорларының жазбаша шағымы;

- 4) құзыретті және мамандандырылған органдардың, мемлекеттік теңіз апаттық-құтқару қызметінің, порт қызметтерінің сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын белгілейтін құжаттары;
- 5) үшінші тұлғаларға келтірілген зиянның мөлшері бойынша сақтандыру оқиғасы болған елдің заңнамасына сай жасалған сараптама/диспашер, бағалау актілері, өзге де құжаттар;
- 6) бүлінген немесе жойылған мүлікке меншік құқығын, оның сақтандыру төлемін алуға құқықтарының заңдылығын, сондай-ақ оның өкілдерінің құқықтарын растайтын құжаттардың көшірмелері – Сақтандырушыда жәбірленушінің мүдделерін білдіру құқығына тиісті түрде рәсімделген сенімхат;
- 7) сақтандыру жағдайы басталған кезде залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушы шеккен шығындарды растайтын құжаттар;
- 8) Сақтанушыдан үшінші тұлғалардың пайдасына залал сомасын өндіріп алу туралы заңды күшіне енген сот шешімі;
- 9) Сақтандырушының келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға кері талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті құжаттар;
- 10) Пайда алушының банктік деректемелерін көрсете отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтініші;

Жәбірленушінің өміріне/денсаулығына зиян келтірілгенде, сондай-ақ:

- 1) жәбірленушіге келтірілген зиянның сипатын, диагнозын, еңбекке жарамсыздық кезеңін көрсете отырып, тиісті медициналық мекеме қорытындысының түпнұсқасы; мүгедектікті белгілеу туралы уәкілетті медициналық орган қорытындысының түпнұсқасы мен көшірмесі; қайтыс болу себебін көрсете отырып, жәбірленушінің қайтыс болғанын анықтаған медициналық мекеме қорытындысының түпнұсқасы; қайтыс болу туралы куәліктің, мұраға құқық туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмелері;
 - 2) денсаулыққа зақым келтіруден туындаған шығындарды растайтын құжаттардың түпнұсқалары, оның ішінде әрбір препараттың, процедураның, қабылдаудың атауын, олардың саны мен құнын көрсете отырып, дәріханалар мен медициналық мекемелерден медициналық препараттарды сатып алуды, процедуралардан өтуді, дәрігерлердің қабылдауында болуды растайтын шоттардың түпнұсқалары (фискалдық, тауарлық чектер, төлем туралы түбіртектер және т.б.); сондай-ақ шоттар қойылған емдеуші дәрігердің медициналық препараттарды қабылдауға, процедуралардан өтуге, дәрігерлердің қабылдауына жолдамалары;
 - 3) денсаулықты қалпына келтіру үшін қажетті шығындарды (күшейтілген тамақтануға, шипажайлық-курорттық емделуге, бөгде адам жасайтын күтімге, протездеуге, көлік шығындарын, ақылы медициналық қызмет көрсетуге арналған шығындарды) растайтын құжаттардың түпнұсқасы;
 - 4) жерлеу шығындарын растайтын шоттардың түпнұсқалары (шот-фактуралар, тапсырыс-нарядтар, фискалдық және тауарлық чектер, төлем туралы түбіртектер және т.б.).
- 11.2.** Егер бұл олар үшін көзделсе, аталмыш құжаттарды жасасу тәртібі мен формасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуі керек. Сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқа түрінде не болмаса нотариалды куәландырылған не түпнұсқа мөрмен расталған және құзыретті ұйымның уәкілетті тұлғасы қол қойған көшірме түрінде ұсынылады.
- 11.3.** Шет мемлекеттердің құзыретті органдары немесе лауазымды тұлғалары берген құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылуы не апостильдендірілуі тиіс (Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда).

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

- 12.1.** Зиянның мөлшерін және сақтандыру төлемінің сомасын айқындауды Сақтандырушы құзыретті органдардың (жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілейтін медициналық мекемелердің, мемлекеттік органдардың, сот шешімінің) зиян келтірудің фактілері мен салдары туралы құжаттарының негізінде, сондай-ақ жұмсалған шығындарды

растайтын анықтамаларды, шоттарды және өзге де құжаттарды ескере отырып жүргізеді. Қажетті жағдайларда сақтандыру төлемінің сомасын айқындауға қатысу үшін Сақтанушы шақырылуы мүмкін.

- 12.2.** Сақтандыру жағдайларын қарау тәртібі Сақтандырушы, Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) мен дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арасында электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы жазбаша нысанда да, электрондық нысанда да жүзеге асырылады.
- 12.3.** Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) арасындағы электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
- 12.4.** Сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары туралы дау болған кезде сақтандыру төлемі заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) негізінде жүзеге асырылады.
- 12.5.** Сақтандыру төлемінің сомасына мыналар қосылуы мүмкін:
- 12.5.1.** Жеке тұлғаның денсаулығына зиян келтірілген немесе ол қайтыс болған жағдайда:
- 1) Жәбірленуші келтірілген мертiгу немесе денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбекке қабiлеттiлiгiнiң тиiстi дәрежесiн жоғалту салдарынан айырылған, сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап сауыққанға дейiн немесе мүгедектiк белгiленгенге дейiн, бiрақ 4 айдан аспайтын табыс.
 - 2) денсаулықты қалпына келтiру үшiн қажеттi қосымша шығындар (күшейтiлген тамақтану, шипажайлық-курорттық емдеу, бөгде адам жасайтын күтiм, протездеу, көлiк шығындары, ақылы медициналық қызмет көрсетуге арналған шығындар және т.б.);
 - 3) жерлеуге тiкелей байланысты, бiрақ жерлеу күнiнде 70 АЕК-тен аспайтын қажеттi шығындар;
 - 4) Сақтанушының сақтандыру жағдайы нәтижесiнде зиян келтiрiлген тұлғалардың өмiрiн құтқару немесе сақтандыру жағдайы келтiрген залалдарды азайту бойынша қажеттi және орынды шығындары.
- 12.5.2.** Жеке немесе заңды тұлғаға мүлiктiк зиян келтiрiлген жағдайда:
- 1) мүлiктiң жойылуынан немесе бүлiнуiнен келтiрiлген тiкелей нақты залал мүлiк толық опат болған кезде – тозуды шегергендегi оның нақты құны мөлшерiнде; iшiнара бүлiнген кезде оны сақтандыру жағдайына дейiн болған күйге келтiру бойынша қажеттi шығындар мөлшерiнде айқындалады;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайы нәтижесiнде зиян келтiрiлген тұлғалардың мүлкiн құтқару немесе сақтандыру жағдайынан келтiрiлген залалды азайту бойынша қажеттi және орынды шығындары.
- 12.6.** Егер Сақтандыру шартында өзгесi тiкелей ескерiлмесе, сақтандыру төлемiн жүзеге асыру туралы немесе сақтандыру төлемiн жүзеге асырудан бас тарту туралы шешiмдi Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғанын, оның басталу себебiн және алушының сақтандыру төлемiне құқығын растайтын қажеттi құжаттардың соңғысы ұсынылған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнiнен кешiктiрмей қабылдайды.
- 12.7.** Егер Сақтандыру шартында өзгесi тiкелей ескерiлмесе, сақтандыру төлемiн жүзеге асырудан бас тарту туралы шешiм қабылданған жағдайда, Сақтанушы барлық қажеттi құжаттарды ұсынған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнi iшiнде Сақтандырушы Сақтанушыға бас тарту себептерiн дәлелдi негiздеi отырып, бұл туралы жазбаша түрде хабарлайды.
- 12.8.** Сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерiктi сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қарау және сақтандыру төлемiн жүзеге асыру мерзiмi Сақтанушыға барлық қажеттi құжаттарды ұсынғаннан кейiн 15 (он бес) жұмыс күнiнен аспайды.
- 12.9.** Егер сақтандыру төлемiн белгiленген мерзiмде жүзеге асыру мүмкiн болмаған жағдайда, ұсынылған құжаттарға қосымша мәлiметтер немесе деректер қажет болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемiнiң мерзiмiн ұзарту қажеттiлiгiнiң себептерiн түсiндiрiп, сақтанушыны - жеке тұлғаны (Сақтандырылған, Бенефициар) хабардар етуге тиiс. Бұл ретте сақтандырушы - жеке тұлғалардың ерiктi сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемi бойынша құжаттарды қараудың соңғы мерзiмi өткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнiнен аспайды.
- 12.10.** Егер залалды келтiруге кiнәлi тұлға және/немесе үшiншi тұлғалар, мемлекет залалды толық өтеген болса, Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) сақтандыру төлемiне құқығын жоғалтады, ал егер залал тиесiлi сақтандыру төлемiнен аз мөлшерде өтелген болса, онда сақтандыру төлемi Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) келтiрiлген

залал үшін жауапты тұлғадан және/немесе үшінші тұлғалардан, мемлекеттен алған соманы шегере отырып төленеді.

- 12.11. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы нәтижесінде өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне залал келтірілген тұлғаның, сондай-ақ Сақтандыру шартында Сақтанушыға қосымша шығындарды өтеу көзделсе, Сақтанушының пайдасына төленеді.
- 12.12. Егер Сақтанушының өзі келтірілген зиянды сот айқындаған мөлшерде өтеген болса, онда сақтандыру төлемі Сақтанушыға Пайда алушының Сақтанушыға шағымдардан тиісінше рәсімделген бас тартуы және сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдардың мөлшерін растайтын Сақтандыру қағидаларында көрсетілген құжаттар ұсынылған жағдайда, Сақтанушыға төленеді.
- 12.13. Егер зиян бірнеше Жәбірленушіге келтірілсе және залалдың жалпы мөлшері сақтандыру сомасынан асып кетсе, онда әр Жәбірленушіге сақтандыру төлемі оған келтірілген залал мөлшерінің барлық Жәбірленушіге келтірілген залалдың жалпы мөлшеріне қатынасына барабар төленеді.
- 12.14. Үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтірілген кезде Сақтандыру шартының талаптарында сақтандыру төлемінің сомасы шегінде заттай нысандағы залалдың өтемақысымен сақтандыру төлемін ауыстыру көзделуі мүмкін.

13. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУЫ

- 13.1. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растау үшін ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Сақтандырушы мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асырады:
 - 1) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
 - 2) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады
 - 3) сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.
- 13.2. Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидаларында көрсетілген талаптармен және тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.
- 13.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі ұсынылған құжаттардан болған оқиғаның мән-жайын, осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындауын анықтау мүмкін болмаған жағдайда қабылданады.
- 13.4. Өз кезегінде Сақтандырушының шешімінде көрсетілген мән-жайларды анықтау мүмкін еместігі Сақтандырушыға Сақтандыру қағидаларының нормаларын, Сақтандыру шартының талаптарын ескере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді.
- 13.5. Бұл жағдайда Сақтандырушы өз шешімінде болған оқиғаның нақты қандай мән-жайларын және/немесе осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындау фактілерін көрсетуі тиіс, Сақтандырушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) қандай әрекеттерді жасау керектігін анықтауға болмайды.
- 13.6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе оны жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) құжаттар пакетін ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде рәсімделеді.

14. ҚОСАРЛЫ САҚТАНДЫРУ

- 14.1. Қосарланған (бірнеше) сақтандыру – әрқайсысымен дербес жасалған Сақтандыру шарттары бойынша бірнеше Сақтандырушыда бір нысанды сақтандыру.
- 14.2. Қосарлы сақтандыру кезінде әр Сақтандырушы Сақтанушы алдында онымен жасалған Сақтандыру шарты шегінде жауапкершілік көтереді, алайда Пайда алушының барлық

Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

- 14.3. Бұл ретте Пайда алушы онымен жасалған Шартта көзделген сақтандыру сомасының көлемінде кез келген Сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты залалды өтемесе, Сақтанушы жетіспейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.
- 14.4. Келтірілген залалды басқа Сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара босатылған Сақтандырушы жұмсалған шығындарды шегере отырып, Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақыларының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.
- 14.5. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қосарланған сақтандыру кезінде Сақтанушы/Пайда алушы Сақтандырушыға өзге Сақтандырушыларда сақтандыру төлемі мәселесін реттеуге қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге Сақтандырушылардан алынған сақтандыру төлемінің мөлшері туралы мәліметтерді беруге міндетті.
- 14.6. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, басқа Сақтандырушылармен бірлесіп, сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалдардың мөлшерін айқындауға құқылы.

15. СУБРОГАЦИЯ

- 15.1. Сақтандыру төлемін жасаған Сақтандырушыға төлеген сома мөлшерінде талап ету құқығы өтеді, оны Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру нәтижесінде өтелген шығын үшін жауапты тұлғаға қояды.
- 15.2. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдерді тапсыру және Сақтандырушыға өткен талап қою құқығын жүзеге асыруы үшін қажет барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 15.3. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен осы құқықты қою мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

16. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӨЗГЕРТУЛЕРІ МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫ

- 16.1. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тараптардың екіжақты келісімі бойынша, бір Тараптың жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде жүргізіледі.
- 16.2. Шарт талаптарына өзгертулер енгізілетін жағдайлар:
 - сақтандыру нысанын өзгерту;
 - Сақтандыру шартын жасасу кезінде берілген мәліметтерді өзгерту;
 - сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімін өзгерту;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге жағдайлар.
- 16.3. Тараптардың бірі өтінішті алған сәттен бастап шешім қабылданған сәтке дейін Сақтандыру шарты бұрынғы талаптарымен қолданылады.
- 16.4. Осы Сақтандыру қағидаларына сәйкес жасалатын Сақтандыру шартының өзгертулері мен толықтырулары Сақтандыру шартының қосымша келісімін жасау және оған қол қою жолымен рәсімделеді.
- 16.5. Сақтандыру шартының барлық өзгертулері мен толықтырулары жазбаша рәсімделген және екі Тараптың уәкілетті өкілдері қосымша келісімге қол қойған жағдайда заңды күшінде болады.

17. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ

- 17.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа Сақтандыру шарты келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
 - 1) Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) төлеген кезде.

- 2) сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген кезде Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі;
 - 3) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
 - 4) Сақтанушының бастамасымен Сақтандыру шартынан бас тарту;
 - 5) Сақтандырушының бастамасымен Сақтандыру шартынан бас тарту;
 - 6) ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларда.
- 17.2.** Сақтандыру шартының 17.1-тармағының 6-тармақшасында көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шартын тоқтатуға негіз ретінде қарастырылған мән-жайлар туындаған сәттен бастап, Сақтандыру шарты тоқтатылды деп саналады, ол туралы мүдделі тарап екінші тарапқа жазбаша түрде дереу хабарлауы тиіс. Сақтанушы осы тармақта көзделген бұзу негіздері бойынша растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.
- 17.3.** Егер Сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, Сақтандыру шарты осы Сақтандыру қағидаларының 17.1-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылмайды.
- 17.4.** Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, Сақтандыру шарты осы Сақтандыру қағидаларының 17.1-тармағының 5) - 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған кезде, Сақтандырушыға Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде, мөлшері сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 30 %-на дейін құрайтын істі жүргізуге жұмсалған шығындарды шегергендегі сақтандырудың өтпеген мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі қайтарылуы тиіс.
- 17.5.** Сақтандыру шартында Сақтандыру шартын тоқтатудың өзге тәртібі, мерзімі мен талаптары белгіленуі мүмкін.
- 17.6.** Сақтандырушы-жеке тұлға сақтандыру келісімшартынан бас тартса, оның жасалған күнінен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде, сақтандырушы сақтандырушы-жеке тұлғаға сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) бір бөлігін алып тастаған сақтандыру жарнасын (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін, сондай-ақ сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындарды (алынған) сақтандыру мерзімінің он пайызынан аспайтын шығындарды қайтаруға міндетті сақтандыру жарналары (сақтандыру жарналары)..
- 17.7.** Егер сақтандырушы – жеке тұлға осы тармақтың екінші бөлімінде көрсетілген мерзімде несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, несие беруші осы келісім бойынша пайыздық мөлшерлемеге және (немесе) оған қатысты комиссияға қатысты шарттарды қайта қарауға құқылы. Шолу нәтижелеріне негізделген несие келісімі бойынша пайыздық мөлшерлеменің (комиссиялық сома) мөлшері сақтандыру шарты болмаса, несие келісімі жасалған күні күшінде болатын пайыздық мөлшерлемеден (комиссия) аспауы тиіс.
- 17.8.** Егер жеке сақтандырушы несие келісіміне қатысты сақтандыру келісімінен бас тартса, оның (қарыз алушың) несие беру шарты бойынша міндеттемелерін орындауы нәтижесінде жеке сақтандырушы жеке сақтандырушыға бес жұмыс күні ішінде алған сақтандыру жарнасын (сақтандыру премияларының) бір бөлігін (сақтандыру жарналары) алып тастау туралы өтініш алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтаруы тиіс сақтандыру күшінде болған уақыт және сақтандыру келісімшартын тоқтатуға байланысты шығындар, алынған сақтандыру жарнасының (сақтандыру жарналары) он пайызынан аспайтын шығындар.
- 17.9.** Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауға байланысты туындаса, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарнасын толық қайтаруға міндетті.

18. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 18.1.** Сақтандыру төлемін уақытылы төлемеген кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 18.2.** Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған тарап тиісінше орындау еңсерілмейтін күштің, яғни төтенше және осы жағдайларда төтеп беруге болмайтын жағдайлардың салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе, міндеттемелерді орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін мүлдіктік жауапкершілік көтермейді.

- 18.3.** Форс-мажор жағдайлары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, соғыс немесе кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымдары. Форс-мажор жағдайларының нақты тізімі Сақтандыру шартында көзделуі мүмкін.
- 18.4.** Егер Сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, форс-мажор жағдайларының әсеріне ұшырайтын тарап осындай жағдайлардың басталғаны туралы екінші тарапты 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.
- 18.5.** Форс-мажор жағдайларының әсері құзыретті органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.
- 18.6.** Осы бөлімде көзделген Тараптардың жауапкершілігі Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес өзгертілуі (толықтырылуы) мүмкін.

19. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 19.1.** Сақтандыру шартынан немесе оған байланысты туындайтын кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.
- 19.2.** Даулар туындаған кезде Тараптар дауды реттеудің сотқа дейінгі мынадай тәртібін сақтауға міндетті:
- Дау туындаған жағдайда, Тарап екінші Тарапқа жазбаша шағыммен жүгінуге және талапқа жауап алуға міндетті. Егер Тарап шағымда баяндалған талаптарды қанағаттандырудан бас тартса немесе талап алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде шағымға жазбаша жауап бермесе немесе шағымды ішінара немесе толық мойындағанын куәландыратын әрекеттер жасамаса, Тарап сақтандыру омбудсменіне дауды шешу туралы өтінішпен жүгінеді. Сақтандыру омбудсменінің дауды мәні бойынша шешуі дауды реттеудің сотқа дейінгі кезеңін сақтаудың міндетті кезеңі болады. Бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсменінің шешімін орындау міндетті емес.
 - Сақтандыру төлемінің мөлшеріне дауласуға қатысты дау туындаған жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) сақтандыру төлемінің дауланбайтын бөлігін алуға міндетті, содан кейін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген әрекеттерді жасайды.
- 19.3.** Келісімге қол жеткізілмеген және дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған кезде Тараптар Алматы қаласы Медеу ауданының сотына (егер даудың бір тарабы жеке тұлға болса немесе) немесе Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (егер дау заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер арасында болса) талап-арызбен жүгінеді, яғни шарттық соттылық белгіленеді.
- 19.4.** Осы Сақтандыру қағидалары мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 2 (екі) данада жасалды. Мемлекеттік тілде жасалған осы Сақтандыру қағидалары мәтінінің мазмұны орыс тілінде жасалған осы Сақтандыру қағидалары мәтінінің мазмұнына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Тараптар орыс тілінде жасалған осы Сақтандыру қағидаларының мәтініне сүйенеді.

20. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

- 20.1.** Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар көзделуі мүмкін.
- 20.2.** Осы Сақтандыру қағидаларының негізінде Сақтандырушы сақтандыру тәуекелдерінің әртүрлі жиынтығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де сақтандыру талаптарымен сақтандыру бағдарламаларын әзірлеуге құқылы.
- 20.3.** Сақтандыру шартының мазмұны осы Сақтандыру қағидаларына сәйкес келмеген жағдайда, егер бұл Сақтандыру шартында тікелей айтылса, Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.
- 20.4.** Осы Сақтандыру қағидалары арқылы реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады.